


# ТРОПИКТІК БЕЛДЕУ



**Тропиктік белдеулер** материктің екі тропиктік шеңбер үстіндегі бөлігін қамтиды. Солтүстік тропиктік климаттық белдеу батыстан шығысқа қарай өте енді және аса зор Еуразия материгі мен көршілес орналасқан. Бұл белдеуге осында қалыптасқан тропиктік континенттік ауа массалары мен Еуразия үстінен құрғақ, ыстық ауа әкелетін пассаттар әсер етеді. Сондықтан белдеуде Жер шарындағы ең ыстық, ең құрғақ, ең үлкен Сахара шөлі орналасқан. Мұнда күндіз ауаның орташа температурасы  $+40^{\circ}\text{C}$  және одан да жоғары көтеріледі. Құмның беті  $+70^{\circ}\text{C}$ -қа дейін қызады, керісінше түнде ауа мен жер беті тез суынады. Климаттың мұндай сипатын **тропиктік континенттік шөл климаты** деп атайды (Хартум қ. Диаграммасы).